


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
ҚЫЗЫЛОРДА «БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТЕ

КЕЛІСЕМІН
«Болашак»
университетінің тәрбие ісі
жөніндегі проректоры
 А.Е. Смайлова
« 06 » 11 2021 ж.



«BOLASHAQ STARTUP»
БИЗНЕС-ИНКУБАТОРЫ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ

Қызылорда, 2021

Мазмұны

1. Жалпы ережелер
2. Негізгі түсініктер
3. Негізгі міндеттері мен функциялары
4. Бизнес-инкубаторды басқару
5. Бизнес-инкубаторды мүліктік және қаржылық қамтамасыз ету
6. Бизнес-инкубатордың құқықтары
7. Өзара әрекеттестік
8. Қайта құру және тарату
9. Ережеге өзгерістер енгізу тәртібі

1. Жалпы ережелер

- 1.1 «Bolashaq Startup» Бизнес-инкубаторы (бұдан әрі- Бизнес-инкубатор) «Қызылорда «Болашақ» университеті» (бұдан әрі-Университет) ЖШС құрылымдағы орталық болып табылады және университет ректорының 2021 жылғы 30 қазандығы № 01-1/22а бүйрекшімен құрылды.
- 1.2. Ресми атапу: «Bolashaq Startup» Бизнес-инкубаторы
- 1.2.1. Қысқартылған атапу: BS Бизнес-инкубаторы
- 1.3. Орналасқан жері: Қызылорда қаласы, Сырдария өзенінің сол жағалауы, 111-ғимарат
- 1.4. Бизнес-инкубатор Университет ректорының бүйрекшімен құрылады және таратылады
- 1.5. Бизнес-инкубатор тәрбие ісі жөніндегі проректорға, университет ректорына бағынады. Бизнес-инкубатордың қызметін тікелей басқаруды Университет ректорының бүйрекшімен қызметке тағайындалатын және одан босатылатын жетекші жүзеге асырады
- 1.6. Бизнес-инкубатор өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін Университеттің дөңгелек мөрін, штамптары мен бланкілерін пайдаланады.
- 1.7. Бизнес-инкубатордың қызметі Казақстан Республикасының заңнамасына, Университет Жарғысына және университетте қолданылатын басқа да нормативтік актілерге сәйкес жүзеге асырылады

2. Негізгі түсініктер

- 2.1. Бизнес-инкубатор - Қызылорда «Болашақ» университетінің құрылымындағы орталық, ол кәсіп бастағысы келетінбілім алушыларға жобаларын дамытуға жәрдем көрсетеді.
- 2.2. Бизнес-инкубатордың жетекшісі - Бизнес-инкубатордың қызметін тікелей басқаруды жүзеге асыратын, штаттық қызметкер.
- 2.3. Бизнес-инкубатордың резиденті - іріктеу рәсімінен сәтті өткен және Болашақ университетімен Бизнес-инкубатор резиденттерін дамыту бағдарламасына қатысу туралы Келісім (Бұдан әрі - Бизнес-инкубациялау туралы келісім) жасасқан тұлға.
- 2.4. Жоба - белгілі бір өнімді немесе қызметті құруға бағытталған нақты уақыт шегі бар қызмет.
- 2.5. Өтініш беруші - бизнес-инкубатор резиденттерін дамыту бағдарламасына қатысуға өтінім берген тұлға.
- 2.6. Бизнес-инкубатордың іс-шаралары - бизнес-инкубатордың дербес, сондай-ақ жобаларды дамытуда резиденттерге жәрдемдесу мақсатында бөгде ұйымдар мен кәсіпорындарды тарта отырып жүзеге асыратын қызмет түрі
- 2.7. Білім беру іс-шаралары-бизнес-инкубатор қызметкерлері ұйымдастыратын және резиденттерге бизнес-дағыларды алуға және дамытуға жәрдемдесу мақсатында сыртқы мамандарды тарта отырып жүзеге асырылатын қызмет түрі.

3. Негізгі міндеттері мен функциялары

3.1. Бизнес-инкубатордың негізгі мақсаты- университеттің инновациялық және кәсіпкерлік әлеуетін қалыптастыру және дамыту болып табылады.

3.2. Бизнес-инкубатордың негізгі міндеттері:

3.2.1. студенттердің, магистранттардың және жас ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын дамытуға ықпал ету;

3.2.2. жастар бизнес-командаларын құру және жобалық қызметке дайындау үшін инновациялық қызмет саласындағы бастамаларды анықтау;

3.2.3. студенттік ғылыми жобаларды дайындау мен рәсімдеуге және оларды коммерцияландыруға жәрдемдесу.

3.3. Бизнес-инкубатордың негізгі функциясы- студенттердің, магистранттардың ғылыми-зерттеу жобаларымен (стартаптарымен) жұмысты ұйымдастыру және оларды коммерцияландыру бойынша университет бөлімшелерінің қызметін үйлестіру болып табылады.

3.4. Бизнес инкубатордың функциялары:

3.4.1. бизнес-инкубатор кейіннен шағын кәсіпкерлік субъектілерін құруға жәрдемдесу мүмкіндігімен оларды инкубациялау үшін бизнес-командалардың жобаларын іріктеуді және іске асыруды жүргізеді;

3.4.2. бизнес-инкубатор бизнес-командаларға және олардың жобаларына бастапқы даму кезеңінде қолдау көрсетеді;

3.4.3. жобалармен жұмыс істейтін бизнес-командалар мүшелерінің кәсіпкерлік, басқарушылық, ғылыми және басқа да құзыреттерін дамыту мақсатында білім беру бағдарламалары мен іс-шараларын: семинарлар, тренингтер, акселерациялық бағдарламалар ұйымдастырады;

3.4.4. бизнес-инкубациялау бойынша женілдетілген ақылы және тегін қызметтер көрсетеді, оған: гимараттан жұмыс орындары, жиһаз, компьютерлік және көшіру техникасы, байланыс құралдары, жұмыс орындарын тазалау, коммуналдық, консультациялық, ақпараттық, білім беру және басқа да қызметтер кіруі мүмкін;

3.4.5. бизнес-инкубаторда іске асырылатын жобалар үшін инвестициялар тартуға жәрдемдеседі;

3.4.6. шағын кәсіпкерлік нысандарына әкімшілік мәселелерді шешу, стратегия әзірлеу, серіктестермен, инвесторлармен келіссөздер жүргізу, көрмелерге катысу, таныстырылымдар өткізу және бизнестің басқа да аспектілері кезінде қолдау көрсетеді;

3.4.7. жұмыс орындары мен қызметтер көрсетуге келісім-шарт жасалмаған бизнес-командаларға, жеке тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерге бизнес-инкубатор ақылы қызметтер көрсетеді;

3.4.8. білім алушылар, магистранттар, профессор-окытушылар құрамы арасында шағын кәсіпкерлікті насиҳаттайды;

3.4.9.шагын кәсіпкерлік нысандары мен жеке тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаган басқа да қызметтер көрсетеді.

3.5. Көрсетілген функцияларды орындау кезінде Бизнес-инкубатор ҚР заңнамасына және Университет Жарғысына қайшы келмейтін келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

3.5.1.ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік жұмыстар мен қызметтерді, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды орындау;

3.5.2.кіріс әкелетін қызметтен алынған және университеттің жарғылық қызметін қамтамасыз етуге бағытталған қаражат есебінен құрылған немесе сатып алынған тауарларды, қызметтерді және өз өнімдерін өткізу;

3.5.3.өндірістік, техникалық, оқу және тұрмыстық мақсаттағы өнімдерді өндіру және сату;

3.5.4.университет студенттері дайындаған қызметтер мен өнімдерді сату.

4. Бизнес-инкубаторды басқару

4.1. Бизнес-инкубаторға жалпы басшылықты университет ректоры жүзеге асырады, ол:

4.1.1. Бизнес-инкубатор жетекшісін тағайындауды және қызметінен босатады.

4.2. Университет ректорының бұйрығымен қызметке тағайындалатын және қызметтөн босатылатын Бизнес-инкубатордың жетекшісі заңнамада, университет Жарғысында және осы Ережеде белгіленген шекте және тәртіппен Бизнес-инкубаторға басшылықты жүзеге асырады.

4.3. Бизнес-инкубатор жетекшісі:

- бизнес-инкубатор туралы ережені әзірлейді және бизнес-инкубатор қызметкерлері арасында міндеттерді бөлуді жүзеге асырады;

- бизнес-инкубатордың консультациялық, акпараттық, әдістемелік, ғылыми-өндірістік, инновациялық және өзге де қызмет түрлеріне жалпы басшылықты жүзеге асырады;

- бизнес-инкубатор қызметін басқаруды дара басшылық және шешім қабылдаудың ұжымшылдық қағидаттарының негізінде жүзеге асырады және бизнес-инкубатор қызметін жүзеге асыру үшін университет ректоры алдында толық жауапты болады;

- өз өкілеттігі шегінде Бизнес-инкубатордың барлық қызметкерлері үшін міндетті өкімдер шығарады;

- сондай-ақ өзінің күзыретіне жатқызылған және Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Ережеге қайшы келмейтін басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

4.4. Бизнес-инкубатор ұжымы студенттер, магистранттар, оқытушылар және ғылыми қызметкерлер қатарынан құрылады

4.5. Бизнес-инкубатор қызметкерлері өз қызметінде Университет Жарғысына, Университеттің басқа да жергілікті нормативтік актілеріне, лауазымдық нұсқаулықтарына сәйкес университет қызметкерлеріне

қолданылатын құқықтарды пайдаланады. Бизнес-инкубатор қызметкерлері міндетті:

- университет Жарғысымен және осы Ережемен қарастырылған нормаларды сақтау;

- құпия сипаты келісілген күжаттаманың, ақпараттың, білімнің, тәжірибелінің, нәтижелердің құпиялылығының қамтамасыз ету;

- жұмыс орындарын қауіпсіздік техникасы нормаларының талаптарына сәйкес ұстаяу.

5. Бизнес-инкубатордың мүліктік және қаржылық қамтамасызын ету

5.1. Бизнес-инкубатордың қызметін қаржыландыру Университет есебінен, сондай-ақ қесіпорындар мен ұйымдардың, қорлардың, жеке тұлғалардың қатысуымен ғылыми жобаларды әзірлеуге арналған сыртқы көздерден тартылған қаржат және Қазақстан Республикасының заңнамасында рұқсат етілген басқа да көздер есебінен жүзеге асырылады.

5.2. Тиімді жұмысын қамтамасызын ету үшін Университет басшылығы Бизнес-инкубаторды қажетті жұмыс орнымен, жиһаздармен, техникалық жабдықтармен, оргтехникамен, басқа да мүлікпен және құралдармен қамтамасызын етеді.

5.3. Бизнес-инкубаторда инженерлік-техникалық қызмет көрсетуді және өзге де шаруашылық қызмет көрсетуді университеттің әкімшілік-шаруашылық қызметтері жүзеге асырады.

6. Бизнес-инкубатордың құқықтары

6.1. Шағын қәсіпкерлік субъектісін құруға бағытталған университеттің ғылыми-шығармашылық ұжымдарын уақытылы қолдау мақсатында университет қызметкерлерінен студенттердің оқу, ғылыми және оқудан тыс қызметі туралы ақпарат алу.

6.2. Бизнес-инкубатордың қызметкерлері лауазымдық міндеттерін атқару мақсатында кітапхана қорларын, ақпараттық қорларды, университеттің құрылымдық бөлімшелерінің компьютерлік ақпараттық жүйелерін ақысыз негізде пайдалануға, мамандардың консультацияларын алуға құқылы.

7. Өзара әрекеттестік

7.1. Орталық бизнес-инкубаторға жүктелген міндеттер мен функциялар аясында университеттің барлық құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимыл жасайды.

7.2. Бизнес-инкубатор өз қызметін қамтамасызын ету үшін Жоғарғы мектептерден, кафедралардан және басқа да бөлімшелерден, сондай-ақ олардың қызметкерлері мен білім алушыларынан бизнес-инкубатордың тиімді жұмыс істеуі үшін қажетті іс-қимылдардың орындалуын талап етуге құқылы.

7.3. Бизнес-инкубатор мемлекеттік органдармен, қоғамдық және халықаралық ұйымдармен, бірлестіктермен және коммерциялық құрылымдармен, сондай-ақ басқа да мүдделі тараптармен бірлескен жұмысты жүзеге асыруға байланысты мәселелер бойынша өзара іс-қимыл жасайды.

8. Қайта құру және тарату

8.1. Бизнес-инкубаторды қайта ұйымдастыру және тарату Университет ректорының бұйрығы бойынша, университет Жарғысында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

9. Ережеге өзгерістер енгізу тәртібі

9.1. Бизнес-инкубатор туралы ереже мынадай жағдайларда қайта басылып шығарылады:

- бөлімшениң атауы мен функцияларының өзгеруі;
- құрылымдық бөлімшени қайта ұйымдастыру.

Құрастырган:

«BOLASHAQ STARTUP»

бизнес-инкубаторы жетекшісі

Д.М.Әбдікәрім



Ғылыми Кеңес отырысында қаралып, бекітілді.
№ 24 хаттама «06» 11 2021 ж.